

Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

А. Молдабекова. Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтары.....	3
Г. Кулбаева. Бәрімізге қасиетті Абай ақын.....	6
Т. Албергенова, Ә. Қайып. Әліппе әлемі – әріптермен әдемі.....	8
Ж. Турсова. Бәрі де, ана, бір өзіңе арналады.....	14
Г. Ибрагимова. Ана – біздің күніміз.....	18
Б. Әліқұлов. «Құлағыңа алтын сырға» тіркесінің мағынасын білесіз бе?.....	20
Қ. Қалықова. Әдептілік сәлемдесуден басталады.....	21
Б. Толуспаева. Толқынды толқын қуады.....	23
З. Кульбаева. Менің қанатты достарым.....	26
М. Игісінова. Адамгершілік – «айналайын» деген сөзден басталады.....	31
М. Дауылбаев. Балғын гүлдей балақан.....	33
Г. Бисенгалиева. Оқырманның алғысы... ..	34
Н. Жәлелова. Талантты және дарынды бала.....	35
А. Баймуханова. Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.....	37
Оқушылар шығармашылығы.....	39
К. Байчеркасс. Шахмат – ақыл-ой спорты.....	40

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
18.03. 2024 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-көңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
әл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – әл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

**НАЗАР
АУДАРЫҢЫЗ!**

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.



Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтары

Мақсаты: Қазіргі білім негізіндегі қазақ тарихының өркениет құндылықтарымен байланысын анықтай отырып, оқушылардың жан-жақты білімін, ойлау, сөйлеу шешендігін шыңдап, интеллектуалдық қабілетін арттыру.

Жүргізуші:

- Армысыздар, қадірменді білім нәрімен сусындатқан ұстаздар қауымы, жақсы ниетпен келген қонақтар, білім нәрін игерген оқушылар!

Тәуелсіздік алып келген оң өзгерістер білім саласында да жетерлік. Өмірдегі барлық табыстар тәуелсіздіктің нәтижесі. Сыныбымыздың білімді оқушылары арасында өтетін ойынымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Сан ғасырлар тарихы мол кешегі,

Туған жердің шежіресі деседі.

Менің елім Қазақстан – Отаным,

Болашағы бізбен бірге өседі, - дей келе, ХХІ ғасырдың талантты, дарынды балаларын таныстырайық.

- Құрметті ойыншылар және көрермендер, келесі кезекте ойын кезеңдеріне тоқталайық.

Ойынымыз IV кезеңнен тұрады. Әр кезең сайын ұпайы төмен бір оқушы ойыннан шығып отырады. (Ең соңында бір оқушы, яғни көшбасшысы қалу керек). Қазылар алқасын сайлап алайық.

- Еліміздің тәуелсіздігі ата-бабала-

рымыздың асқақ арманынан туындаған, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңістің куәгері сіздерсіздер дей келе ойынымызды бастайық.

I кезең «Бәйге»

- Бұл кезеңде берілген сұрақтарға бірінші болып жауап беруге тырысыңыздар. Жауабыңыз дұрыс болмаса, келесі бала жауап бере алады. Әр дұрыс жауап үшін 10 ұпай алуға болады.

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі қашан жарияланды? (1991 жылы 16 желтоқсанда)

2. Қазақ тарихында тұңғыш ғарышқа кім және қашан ұшты? (Тоқтар Әубәкіров, 1991 жылы 2 қазанда)

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы қашан қабылданды? (1995 жылы 30 тамыз)

4. Қазақстан халқы өзінің тұңғыш президентін қашан сайлады? (1991 жылы 1 желтоқсанда)

5. Біріккен Ұлттар Ұйымына Қазақстан қашан мүше болды? (1992 жылы)

6. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы қашан енгізілді? (1993 жылы 15 қараша)

7. Қазақстан Республикасының төл құжатын азаматтарға беру қашан басталды? (1995 жылы 27 ақпанда)

II кезең «Жеті жұрттың тілін біл»

- Кезеңіміздің атауын «Жеті жұрттың тілін біл» деп атадық. Мұнда сіздер сұраққа жауапты қазақ, орыс, ағыл-

шын тілдерінде дұрыс жауап берумен қатар, оны қағазға қатесіз жазуларыңыз керек. Әр толық жауапқа 5 ұпай.

1. Күн мен түн теңелетін жыл мезгілі (көктем — весна — spring)

2. Мұрты бар, иегінде сақалы жоқ,

Тоны бар, киеріне шапаны жоқ.

Пайдасы үй ішінен табылған соң,

Далаға кіріп-шығар сапары жоқ (мысық — кот — cat)

3. Жүз теңген болғанша, жүз ... болсын (дос — друг — friend)

4. Футболшының аландағы ойынзаты (доп — мяч — ball)

5. Қабат-қабат қаптама, ақылын болса аттама (кітап — книга — book)

6. Жеті қазынаның бірі, адамды қорып жүретін досы (ит — собака — dog)

7. Ұшқан ..., жүгірген аң, бәрі тамақ (құс — птица — bird)

8. Әр адамның ... шағын Отаны (отбасы — семья — family)

III кезең «Қызықты шаршы»

20	20	20
30	30	30
40	40	40

Бұл кезеңде сіздер өздеріңіз тандап алған сұраққа жауап бересіздер. Мына кестеге назар аударыңыздар. Жеңіл сұрақ алғыңыз келсе, 20 ұпайдың сұрағын таңдайсыз. Мұндағы ең күрделі сұраққа жауап беру арқылы 40 ұпай жинауға болады. Әрине, егер дұрыс жауап берсеңіз.

1. 20. Тік төртбұрыштың ауданын қалай табамыз? (Ұзындығы мен енін көбейтеміз)

2. 20. Жалаң сөйлем деп қандай сөйлемді айтамыз? (Бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлемді жалаң сөйлем деп атаймыз)

3. 20. Қазақтың ұлттық аспабында орындалатын әуен. (Күй)

4. 30. «Атадан қалған тұяқ» мәтінінің авторы кім және қай елдің жазушысы? (Шыңғыс Айтматов, Қырғыз Республикасы)

5. 30. 64 қай санның квадраты? (8^2)

6. 30. Жалғанған сөзін екінші сөзбен байланыстыратын қосымшаны ата. (Жалғау)

7. 40. Қазақ Ордасының ең соңғы ханы болған кім? (Абылай хан)

8. 40. Қазақстанда «Қызыл кітап» қашан шықты? (1977 жылы)

9. 40. Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы құрамына неше мемлекет енеді? (11 мемлекет)

IV кезең «Жорға»

Сіздер бұл кезеңде 20 сұрақтың қаншасына жауап берулеріңізге қарай ұпай жинауға болады.

1 сұрақ — 1 ұпай болып есептеледі. Барлығыңызға сәттілік тілеймін!

1-балаға сұрақ:

1. Сиырдың пірі. (Зеңгі баба)

2. Жылдан құр қалған жануар. (Түйе)

3. Бір заттың көлемін кішірейтіп көрсететін сан. (Масштаб)

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. (Қазақ тілі)

5. Басты байлық. (Денсаулық)

6. Ел басқару саласындағы ең жоғарғы лауазымды тұлға. (Президент)

7. Қара алтын. (Мұнай)

8. Ұя салмайтын құс. (Көкек)

9. 12 ай. (1 жыл)

10. «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің авторы. (Ы. Алтынсарин)

11. Абай әжесі. (Зере)

12. Көру мүшесі. (Көз)

13. 7³. (343)

14. Қазақстанның тұңғыш академигі. (Қ. Сәтбаев)

15. Жер бетінің қағазға кішірейтіліп салынған бейнесі. (Карта)

16. Заттың сынын білдіретін сөз табы. (Сын есім)

17. 9 мамыр қандай күн? (Жеңіс күні)

18. Жаңа туған балаға ат қойып, алғаш бесікке бөлеу жорасы. (Бесік той)

19. Күйді орындаушы адам. (Күйші)

20. Ақан серінің тұлпарының аты. (Құлагер)

2-балаға сұрақ:

1. Түйенің пірі. (Ойсылқара)

2. Жыл басы не? (Тышқан)

3. Жердің бетіндегі өсімдік өсетін борпылдақ жұмсақ қабаты. (Топырақ)

4. Қазақстан Республикасының ұлтаралық тілі. (Орыс тілі)

5. Адам денесінің тірегі. (Қаңқа)

6. Үкіметті кім басқарады? (Премьер-министр)

7. Ақ алтын. (Мақта)

8. Орман дәрігері. (Тоқылдақ)

9. 7 күн. (Апта)

10. «Менің атым Қожа» повесінің авторы. (Б. Соқпақбаев)

11. «Абай жолы» роман-эпосының авторы. (М. Әуезов)

12. Есту мүшесі. (Құлақ)

13. 8³. (512)

14. Қазақтың тұңғыш суретшісі. (Ә. Қастеев)

15. Жер қыртысын толтырып жатқан денелер. (Тау жыныстары)

16. Заттың қимылын білдіретін сөз табы. (Етістік)

17. 25 қазан қандай күн? (Республика күні)

18. Баланы тәй-тәй бастырып, күрмеужібін шешетін кезең. (Тұсау кесер)

19. Біржанмен айтысқан ақын қыз. (Сара)

20. Қобыландының тұлпарының аты. (Тайбурыл)

- Осымен ойынымыз өз мәресіне келіп жетті. Ал келесі сөзді әділқазылар алқасына береміз.

Жеңімпаздарды марапаттау.

Айнұр Жұматайқызы

МОЛДАБЕКОВА,

Николаевка орта мектебінің

бастауыш сынып мұғалімі.

Николаевка селосы,

Есіл ауданы,

Солтүстік Қазақстан облысы.



Бәрімізге қасиетті Абай ақын

Мақсаты: қазақ халқының жазба әдебиетінің негізін салушы, ұлы ойшыл ақын, Абайдың өмір тарихын меңгерту. Таным түсініктерін дамытып, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу.

Күтілетін нәтиже: Абай жолы арқылы оқушыларды адами қасиеттерге баулу, адамзаттың бейнесі арқылы үлгі-өнеге алуға шақыру.

Әдісі: тарихи-танымдық ойын.

Өту барысы:

I кезең: «Қанат қақты»;

II кезең: «Самғау»;

III кезең: «Шарықтау»;

IV кезең: «Шырқау»;

V кезең: «Жерұйық».

Ойынымызды бастамас бұрын әділ баға беретін қазылар алқасын сайлап аламыз.

«Ата толғауы» күйі орындалады.

Абай ақын, ұлы Абай, дана Абай,
Дана Абайым — қасқайған нән қарағай.

Қазағымның бұйырыпты бағына,
Ғасырда бір туылатын дарам-ай.

Ескерткіш аз ба қаланың сәнін түзеткен,

Мектептер қанша, ауылдар қанша қала бар,

Ақын есімі құрметтелуде ізетпен, - дей отырып, ойынымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Әр топ өздерінің тобының атымен таныстырады. Соған сәйкес эмблемасын қорғайды.

I кезең «Қанат қақты». Бұл кезеңнің шарты бойынша әр топтың топ бас-

шысына жеделдетіп 5 сұрақ беріледі. Әр сұраққа 1 секунд уақыт беріледі. 1-сұрақ 20 ұпаймен бағаланады.

1-жүргізуші: Қанаттарыңыз талмай биікке самғай беріңіздер! Сіздерге сәттілік тілейміз!

Ал жігіттер, сайысқа қалайсыңдар!

Сендер өтер әлі де талай сын бар,

Сұрағыма жауап бер, қымсынбай кеп,

Жауап қатсаң сұраққа, жарайсыңдар.

Ортамызға I топ басшысын шақырамыз.

I топ басшысының сұрақтары:

- Абайдың шын есімі (Ибраһим)
- Абайды әлемге танытқан роман (Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы»)

- Алғашында Абай өз ауылында жалдамалы молдадан білім алады, кейін ауқатты Құнанбай баласын қай жерде, кімнің медресесіне оқуға береді? (Семейдегі Ахмет Ризаның медресесі)

- Абайдың Ділдадан тараған кенже ұлы. (Мағауия)

- Абайдың 1890-1898 жылдар арасында жазылған бір алуан шығармалары қалай аталады? (Қара сөз)

II топ басшысына сұрақтар:

1. Абай қай жерде туылды? (Семей облысының Шыңғыс тауында дүниеге келген)

2. Абайдың әкесі Құнанбай қай ру-дың старшыны болды? (Тобықты руының)

3. Абай үш-ақ нәрсе адамның қасиет-

ті деген. Ол қандай қасиеттер? (Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек).

4. Жас кезінде Абайды қалай атаған? (Телғара)

5. Абайдың дүниеден өткен жылы? (1904 жыл)

II. «Самғау». Бұл кезеңнің шарты бойынша жоғарыдағы таблода 2 тапсырма берілген. Сол терезені ашып берілген тапсырманы орындайсыздар. Тапсырмада: күз және қыс. Яғни тақырыпқа байланысты сурет салу, өлең оқу (уақыт беріледі).

III. «Шарықтау».

1. Дзюдо тобының жанкүйерлеріне сұрақ:

«Абай жолы» ромон-эпопеясының 1-кітабының 1-бөлімі қалай аталады? (Жауабы: Қайтқанда)

2. Еркін күрес тобының жанкүйерлеріне сұрақ:

Абай ақын кімдердің өлеңдеріне ән шығарды? (Жауабы: Пушкин және Лермонтов)

• Дзюдо тобының жанкүйерлеріне сұрақ:

Абайдың бізге айтқан қандай бес асыл сөзі бар?

(Жауабы: 1 — талап, 2 — еңбек, 3 — терең ой, 4 — қанағат, 5 — рақым)

• Еркін күрес тобының жанкүйерлеріне сұрақ:

Қандай бес дұшпанды айтып кетті? (Жауабы: 1 — өсек, 2 — өтірік, 3 — мақтаншақ, 4-5 еріншек, бекер мал шашпақ)

IV кезең. «Шырқау». Абайдың 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары «қара сөз» деп аталады. Ол сыншылдық, ойшыл-

дық және адамгершілік мәселелеріне арналған өсиет толғау тәрізді. Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізденеді. Абай қара сөздері көбінесе барлық жайлардан өзі сөз бастап, өзі әңгіме-дүкен құрып отырған болады.

Еркін күрес командасына сұрақ:

Абайдың 17-қара сөзін көрініспен түсіндір.

Қосымша көмек: қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің әрекеттері.

Жауабы: (бұл сөзінде қайрат, ақыл, жүрек айтылады, ғалым оларды тыңдап, дәлелдерін толықтырып, үшеуін бірлікке шақырады).

Дзюдо командасына сұрақ:

Абайдың 29-қара сөзіне мысал келтір.

Қосымша көмек: Қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтуғыны да бар. «Әуелі, жарлы болсаң, арлы болма деген», - деп басталады.

Жауабы: («Жарлы болсаң, арлы болма!» деген. Ардан кеткен соң тірі болып жүргені құрысын. «Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса адам баласының бермесі жоқ» - деген барып тұрған құдай ұрған сөз осы. «Атын шықпаса, жер өрте» дейді. Жер өртеп шығарған аттың несі мұрат? «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейді).

«Желсіз түнде жарық ай» әні орындалады.

1-жүргізуші.

Ұлтарактай болса да,

Ата қоныс жер қымбат,
Ат төбесіндей болса да.

Туып өскен ел қымбат, - деп Асан
Қайғы бабамыз аңсап өткен жерұйық-
қа да келдік.

V. «Жерұйық». Екі топқа бір сұрақ.
Ұлы ақын Абайдың жеті атасын ата;
(Әйтеке, Олжабай, Айдос, Ырғызбай,
Өскенбай, Құнанбай, Абай).

Екі топқа тапсырма: Алдарыңызға
сөзтізбек беріледі, соның дұрыс шеші-
мін тауып бересіздер.

(Ұнай сандары есептеледі).

1-жүргізуші:

Бәрімізге қасиетті, Абай ақын,
Оқып біліп, өзіне болдық жақын.
Жылы тиіп жүрекке өлендері,
Әр сөзінен ұғамыз ақыл-нақыл.
Үйретті ол ұрпағын жақсылыққа,
Қара сөзі әркімге басшы нұсқа.

Қаншама жыл өтсе де, сөзі өлген
жоқ,

Өсиетін аламыз басшылыққа.

Қалдырған асыл сөз — аманаты,
Күн сайын жайнай түсіп жанаратын.
Маржандай төгілдірген өлең-жырға,
Келешек ұрпақтары таң қалатын.
Ақылмен сүйсіндірген ұлы дана,
Біртуар халық ұлының бірі ғана,
Ұрпақтары бүгінде еске алады,
Абайды өзгелерден көріп дара, - дей
отырып, ойынымызды аяқтаймыз.

Гүлжазира Жаклановна КУЛБАЕВА,

**Ә. Молдағұлова атындағы спортқа
дарынды,**

**бейімді балаларға арналған
мектеп-интернат мұғалімі.**

**Қарағанды қаласы,
Қарағанды облысы.**

Әліппе әлемі – әріптермен әдемі

Мақсаты: Оқушылардың әліппеден
алған білімдерін ортаға салу. Оқушы-
ларды ана тілі оқулығымен таныстыру
және өзін-өзі басқаруға үйрету.

Көрнекіліктер: шарлармен безенді-
ру, слайдтар, нақыл сөздер.

Жүргізуші мұғалім:

- Құрметті ата-аналар, ұстаздар
және оқушылар! Бүгінгі «Әліппе әле-
мі — әріптермен әдемі» атты мерекеле-
рімізге қош келдіңіздер! Осыдан 4 ай
бұрын мектеп табалдырығын қысыла
да қызыға аттаған, бірі — отбасының

тұңғышы, бірі — кенжесі, ата-әжесі-
нің сүйікті де еркесі болып жүрген ұл
қыздарымыз, өздерінің ең алғашқы
оқулығы болған әліппемен бүгін қош-
тасқалы отыр.

- Ендеше бүлдіршіндеріміздің бі-
лім өлкесіне қарай басқан алғашқы
қадамдары құтты болсын! Сонымен
«Әліппе әлемі — әріптермен әдемі атты
ертеңгілігімізді бастаймыз!

Нұрлы үмітін арқалаған арқаға,

Жан сәулесін тарататын баршаға.

Шын пейілмен құрмет етіп сендерді,

Бүлдіршіндер шақырамын ортаға.
Алдарыңызда 1 А, 1 Ә сынып оқушы-
лары.

*(Музыка ойнап тұрады, балалар кіріп
отырады)*

**Көрініс: (музыка ойнап тұрады, Әліп-
би)**

- Ерте, ерте, ертеде ешкі жүні бөр-
теде Әліпби деген дана болған екен.
Әліпби атаның Айсұлтан мен Ерасыл
атты немерелері болыпты. Көк түсті
ұнататын Айсұлтан дауыссыз дыбыс-
тарды құрапты. Ал қызыл түсті ұната-
тын Ерасыл дауысты дыбыстарды құ-
рапты. Қызыл түсті ұнататын әріптері
ән салып, көңілді өмір сүріпті. Ал көк
түсті әріптері үнсіз өмір сүріпті. Мұны
көрген Әліпби мен осы немерелерімнің
әріптерін араластырсам не болады
екен деп ойланып, араластырыпты.
Сөйтсе ғажап бір жайға куә болыпты.
Әріптері сөйлей жөнеліпті. Әріптер-
ден буындар пайда болды, буындар-
дан сөздер пайда болыпты. Сөздерден
сөйлемдер құралыпты.

- Ендеше балалар бізде осы әріп-
терден сөздер жазып көрейік. Әрқай-
сыларыңның қолдарында әріптер бар.
Осы әріптерді қолданып суреттік дик-
тант жазып көрейік. Мысалы: кітап,
оқушы, түлкі, аю, дәптер. Ауызша ды-
быстық талдау жасаймыз. Жақсы ба-
лалар енді осы сөздермен сөйлемдер
құрап жіберейік.

*(Оқушылар ортаға шығып қолындағы
әріптермен сөздер жазады)*

Мұғалім:

Ал енді қане, балалар,
Әліппеге рақмет деп шырқайық.
Әліппе тойын бастайық,



Не үйреніп, не білдік, жырдан шашу
шашайық.

Олай болса, бәрімізге ең қымбат
Әліппені ортаға шақырайық.

Әліппе:

Менің атым – Әліппе,
Мені анандай дәріпте,
Мені оқып ер жеткен
Ағаң менен әпкең де.
Армысындар, жас достар
Армысындар, ата-ана,
Болашаққа жол бастар,
Әліппең келді ортаға
Мерекеңмен құттықтаймын
Бүлдіршіндер балғындар.
Не үйреніп, не білдік,
Қане ортаға салайық.

Балалар: Біз қазақ елінің – Болаша-
ғымыз.

Әліппе: Балалар, мен туралы тақпак
білесіндер ме?

Балалар: Әрине.

1-оқушы:

Бірінші беттен елімнің,
Елтаңбасын таныдым.

Көк байрақты қазақтың,
Ұрпағымын сәнімін.

2-оқушы:

Барлық әріп бағалы,
Айттық әділ бағаны.
Әріпсіз сөз болмайды,
Буын онсыз толмайды.
Адам барлық әріпті,
Ардақтайды, қолдайды.

3-оқушы:

Рахмет саған, Әліппе!

Көп нәрсені үйреттің.
Таныстырып әріппен,
Тақылдатып сөйлеттің.

4-оқушы:

Бар кітапқа бас болған,
Әліппе — ғылым анасы.
Әліппеден басталған
Даналықтың данасы.

5-оқушы:

Келгенде алғаш мектепке,
Білмеуші едік әріпте,



Оқимыз қазір ертеkte,
Үйреткен оны Әліппе!

6-оқушы:

Таныстырған 42 әріппен,
Қош бол, менің қасиетті әліппем.
Сенің арқаң оқи жаза аламын,
Сауатты адам санатына кіргенім.

7-оқушы:

Әліппе жарты жылдай жолдас бол-
дым,
Ана тілге әкеліп жалғастырдың.

Әр әріпті қостырып, сөзін құрап,
Хат танытып, алғаш сен көзімді аш-
тың.

8-оқушы:

Әліппе – білім бұлағы,
Әліппе – өмір шырағы.
Әліппе – білім көзі,
Әліппе – мұғалімнің асыл сөзі.

9-оқушы:

Енді біз жаза білеміз,
Әріпті қосып әріпке.



Риза болып жүреміз,
Сүйікті біздің әліппе.

10-оқушы:

Әліппем менің, әліппем,
А деген басты әріптен.
Сөз құрап жаза бастадым,
Тақылдап таңба танып мен.

Өлең, би (қыздар) «Менің атым Әліппе»

Мұғалім: Рахмет, балалар! Енді балалар «Ыстық доп» деген ойынды ойнап көрейік.

Ойын: «Ыстық доп»

Сұрақтары:

1. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?
2. Дыбыстар нешеге бөлінеді?
3. Әріп дегеніміз не, дыбыс дегеніміз не?
4. Рәмізге не жатады?
5. Төрт түлікті ата.
6. 1 аптада неше күн бар? Ата.
7. Сөз неден құралады?
8. Қосарлы дыбыстарды атаңдар.
9. Дөңгелек сандармен сана.
10. 4 пен 1 сандарының көршілерін ата.
11. Кітапхана сөзін буынға бөл.
12. Бір таңбалы сандарды кему ретімен ата.

Мұғалім: Рақмет, балалар! Жарайсыңдар! Білімді екендеріңді тағы бір рет дәлелдендер. Ендеше ортаға жиналып бір серігіп алайық.

Би: «Кел билейік, балақай!» барлығы билейді.

Мұғалім: Қане, серігіп алсақ, орнымызға отырайық!

Әліппе: Жас достар, мен сендермен қимай-қимай қоштасқалы тұрмын.

Көп-көп рахмет, балалар. Балалар,

менімен алған білімдеріңді одан әрі қарай шындай түсетін, өз тілімізді сүюді, қадірлеуді үйрететін кітап – Ана тілін ортаға шақырайық.

Армысың, аяулы ана тілі!

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте.

- Енді сендер Ана тілі оқулығын оқитын боласыңдар. Ана тілімен тез достасып, ең сүйікті пәндерің болатынына сенемін.

Ана тілі: Армысыңдар, жас достар! Бүгінгі думанды кештерің құтты болсын! Осы қуанышты сәтті мен тағатсыздана күткен едім. Енді сендердің сүйіп оқитын оқулықтарың «Ана тілі» мен боламын.

- Балалар, мен сендердің келешекте сауатты азамат болатындарына сенемін! Балалар, енді бұрынғыдан да көп оқитын боласыңдар. Ынта қойып оқысаңдар көп нәрсеге үйренесіңдер.

Мұғалім: Жоғары төрлетіңіз, Ана тілі. Балалар, біз сонымен Әліппе оқулығынан не үйрендік? Дұрыс айтасыңдар, әріптерді үйрендік. Ендеше, Әліппемізбен қоштаспай тұрып әріптерімізге арналған тақпақтарымызды айтып жіберейік.

1-оқушы:

А дегенім – атаң,

Ақ тілекті батаң,

Ақыл сөзін тыңдап,

Ардақтай біл, ботам.

2-оқушы:

К дегенім – кітап,

Көп оқыған ұтады,

Күшті болсаң қане,

Кітаптан тез К тап.

3-оқушы:

Е дегенім — есеп,
Есеп қиын десек,
Неше болар екен,
Екі ешкі мен есек.

4-оқушы:

Ж дегенім — жолда,
Жаңғалақтау болма.
Жасыл жанса, жүгір,
Қарап сол мен оңға.

5-оқушы:

Ғ дегенім — ғарыш,
Болса дағы алыс.
Қазақ ұшып барған,
Ғарыш бізге таныс.

6-оқушы:

Ф дегенім — файл,
Поштамыз е-майл,
Алыстан хат келсе,
Жылдам жауап қайыр.

7-оқушы:

Ү дегенім — үкі
Үлпілдейді түлкі,
Үп дегенде үкі,
Түлкі болды күлкі.

8-оқушы:

М дегенім — мектеп,
Кітабымды беттеп.
Мен өсемін оқып,
Мектебімде көктеп.

9-оқушы:

Г дегенім — гүлім,
Көрдің неше түрін,
Гүлмен бірге сенің,
Күлімдейді күнің.

10-оқушы:

Ә дегенім — әжең,
Әлдилеген анаң.
Әлпештеген әкең,

Әспеттей біл, балам.

11-оқушы:

Т дегенім — талап,
Көңіліңмен қалап.
Талапты бол сен де,
Оқып жақсы сабақ.

12-оқушы:

Ұ дегенім — ұлан,
Ауызыңда ұран.
Ту көтеріп тұратын,
Ұлан нағыз қыран.

Өлең «Рахмет саған, Әліппе»

Мұғалім: Тамаша, балалар! Ендеше
Әліппемізді шығарып салайық.

Балалар: Қош бол сүйікті әліппе!
(Барлығы хормен айтады)

Ана тілі:

Ақыл-ойын дананың,
Ана тілден аласың,
Ана тілің ардақты,
Ақ сүтіндей ананың, - тілегін айтып
балаларға «Ана тілі» оқулығын тарата-
ды.

Мұғалім: Балалар, сендердің «Әліп-
пені» жақсы меңгеріп оқуларына ата-
аналардың, әжелердің қосқан үлесі
көп. Қане, бәріміз бірге рахмет айта-
йық.

Барлығы: Аналарға мың алғыс!

Өлең: Топ-топ балақан!

Мұғалім: Құрметті оқушылар, елі-
міздің білімді де тәрбиелі, елін сүйетін
патриот, көк туын көкке көтеретін ұл-
қыздары болып өсе беріңдер!

Би-флешмоб: «Алға, Қазақстан!»

Мұғалім: Жақсы, рақмет! Орында-
рыңа отырыңдар!

Жақсы шәкірт азамат атанады,
Халқынан ата-анадан бата алады.
Ұрпағына айтсын деп ақ тілегін,

Ортаға шақырайық ата-ананы.

- Араларыңызда біреулеріңіз балаларға тілек арнасаңыздар!

- Келесі сөз кезегі мектебіміздің директорына беріледі.

(Балалардың дипломы мен шоколадтарын таратып береді)

Мұғалім:

Балалардың білімі құтты болсын,
Денсаулығы ауырмайтын мықты болсын.

Білімдерін әрі қарай дамытатын,

Ерінбейтін еңбекқор күшті болсын!

Осымен «Әліппе әлемі — әріптермен әдемі» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Тамашалағандарыңызға рахмет!

Толқынай Дауреновна

АЛБЕРГЕНОВА,

Әйгерім Рахымқызы ҚАЙЫП,

«№5 жалпы білім беретін мектебі»

КММ-нің бастауыш сынып

мұғалімдері.

Балқаш қаласы,

Қарағанды облысы.

Бәрі де, ана, бір өзіңе арналады

1-жүргізуші: Бүгін — наурыздың сегізі,

Сұлулықтың негізі.

Әдемі сөз адамның,

Анаға айтар лебізі.

2-жүргізуші: Әкелетін отбасына береке ең,

Әз аналар арамызда көп екен.

Жыл құсындай көктем сайын оралар,

Құтты болсын, нұрға толсын мерекен!

Құрметті аналар, қыз-келіншектер. Мерекелеріңіз құтты болсын!

1-жүргізуші: Бүгінгі күн әлемнің жарығын сыйлаған, өмір сыйлаған, махаббаты мен бар жақсылықты сыйлаған ардақты аналарға, қыз-келіншектерге арналады.

2-жүргізуші: Бүгінгі арайлап атқан нұрлы таңмен бірге әрбір сәби жүрегі өзің деп соқса, аналар, бүгінгі сәнсалтанат та өзіңізге арналады.

1-жүргізуші: Дүниедегі ең қадірлі, ең сұлу жан — Ана! Ана тіршілік атаулы бұлақтың көзін ашты. Әйел-Ана — сұлулықты, жарасымдылықты, көріктілікті, барша игілікті бойына сіңірген тұлға.

2-жүргізуші: Баланың жанын ұғына білетін, баланың жан сарайына терең бойлай алатын сезімтал да сұңғыла жан — Ана!

1-жүргізуші: Адам бойындағы ізгі қасиеттердің бәрі ана сүтімен дариды. Баласын емізіп отырған ананың жүзіне көз салсаңыз, қаншама тыныштық, мейірімділік шуағын көрер едіңіз.

2-жүргізуші: Ана оны жай ғана емізіп отырған жоқ, барлық ләззатын, мейірімін төгіп отыр. Дүниедегі сұлулық атаулы күн нұрынан, әйел жанының ажарынан, ананың мейірінен жаралған.

Ардақты аналар, «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару ұйымының **«Бәрі де, ана, бір өзіңе арналады»** атты мерекелік шашуын қабыл алыңыздар!
(Әдеби қойылым)

Автор: «Алғабас» ауылында көп бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана өмір сүріпті. Ардақты ананың тәрбиелеп өсірген ұл-қыздары мектеп бітіріп, бір-бір мамандықты игеріп, әр түрлі қалада қызмет істейді екен. Бірі студент екен.

(Осы жерде балалары дәрігердің, милиционердің, мұғалімнің кейпінде сахнадан өтеді)

«Анадан бірге тұмақ болса да, бірге жүрмек жоқ» демекші, ардақты ананың ұл-қыздары «8 наурыз — аналарының мейрамында» ұшқан ұяларына жиналып, аяулы аналарына тосын сый жасамақшы болып ақылдасады.

(Ортаға балалары жиналады)

1-ұлы: Бауырларым, «8 наурыз — аналардың, қыз-келіншектердің мейрамы» жақындап қалды. Аяулы анамыз түн ұйқысын төрт бөліп, бізді қатарынан кем болмасын деп, өзі кимегенді бізге кигізіп, бар тәттіні біздің ауымызға тосып, бағып-қағып өсірді. Осы мейрамда бәріміз анамызға деген сый-сияпатымызбен, өнерімізбен келіп, анамызға бір қуаныш сыйласақ қайтеді? Бас қосып жиналатынымыз ешкімнің тісінен шықпасын,

тосын сый болсын. Келістік қой?!

1-оқушы: Табылған идея!

2-оқушы: Шет елдегі, Астанадағы аға-апаларымызға да хабар берейік. Уақыттары болса, келіп, анамызды қуантқанға не жетсін!

Автор: Осылайша, үлгілі, өнегелі отбасынан шыққан ардақты ананың ұл-қыздары аналарына тосын сый жасамақ болып келіседі. *(Балалары ақылдасып, тарайды)*

Автор: Көптен күткен 8 наурыз мейрамы да келіп жетті. Ардақты ананың ұл-қыздары, немерелері мерекеге қызу дайындық үстінде *(Сахна үй іші сияқты безендірілген. Сахнаның бір шетінде жерге стол қойылып, көрпешелер төселген. Келіні, немерелері фартук тағып, мерекелік дастархан жаяуда. Дастархан дайын болғанда, ұлы, келіні, немерелері ардақты анасын сахнаға алып шығып, мерекесімен құттықтап, төрге отырғызады).*

Келіні мен ұлы: Аяулы анашым, 8 наурыз мейрамы құтты болсын! Ауыр-маңыз, көп жасаңыз! *(Келіні, ұлы гүл ұсынып, анасының бетінен сүйеді)*

Ұлы: Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,

Түн ұйқыңды бөліп талай түн қаттың.

Өміріме нәрін берді ақ сүтің,

Кең құшағың — саясындай гүл бақтың.

Бір өзіңнен бастап өмір жолдарын,

Жүрегіңе жүрегімді жалғадым.

Өзің мынау сыйға берген өмірде,

Ақ сүтіңді ақтап өту арманым

Келіні: Анашым, немерелеріңіздің мерекелік шашуын қабыл алыңыз.

«Апатайым» әні орындалады.

Ана: Рахмет, құлындарым!

Автор: Осы кезде есік қоңырауы шырылдайды. *(Немересі жүгіріп барып есікті ашады)*

Немересі: Әже, Астанада Айдана әпкем келді.

Айдана: Амансыңдар ма? Мейрамдарыңызбен! Анам қайда?

Айдана: Аяулы анашым, мейрамыңызбен құттықтаймын! Ортамызда мәңгі жасай беріңіз! *(Анасын құшақтап, бетінен сүйіп, гүл ұсынады)*

Анасы: Жарығым-ау, қайдан жүрсің? Немен келдің? Пойызбен ба, ұшақпен ба? Астана суық па?

Айдана: Анашым, сізді мейрамыңызбен құттықтау үшін ұшақпен келдім. Жаурап жүрген жоқпын. Ертең жұмыс. Сізге деген кішкентай сыйлығым бар. Осы білезіктей жарқырап жүріңіз! *(Анасының қолына алтын білезік тағады)* және сізге «Хорезм» биін билеп берейін.

«Хорезм» биі биленеді.

Автор: Осы кезде тағы да есік қоңырауы шырылдайды.

Үйге үлкен ұлы Нұрбол баласы Айбекпен кіреді.

3-оқушы: Ана деген үш-ақ әріп тіршілік,

Тіршіліктен үлбіреді гүл шығып.

Ана деген үш әріпті шырқап жүрем ән қылып,

Адамзаттың жүрегінде сақталатын мәңгілік!

Аяулы анашым, мерекенізбен! *(Гүл ұсынып, анасының бетінен сүйеді, анасы немересінің маңдайынан сүйіп, айналып толғанады)*. Сізге деген сыйлығымды

қабыл алыңыз. *(Анасының мойнына алтын алқа тағады)*

4-оқушы: Әжетай, мейрамыңызға ән салып берейін.

«Асыл әже» әні орындалады.

(Есік қоңырауы шырылдайды. Үйге ананың студент қыздары Аяулым мен Бақытгүл кіреді).

Аяулым: Анашым, мейрамыңызбен!

Бақытгүл: Апатайым, сізді қатты сағындық!

Анасы: Құлындарым-ау, сабақтарың қалай? Стипендияларың жетіп жатырма өзі?

Аяулым: Анашым, уайымдамаңыз, ағаларым, апаларым көмек беріп тұрай.

Бақытгүл: Анашым, біздің сізге қымбат сыйлығымыз жоқ. Сізге Аяулым екеуміз тамаша би тарту етпекпіз. Қабыл алыңыз!

Автор: Осы кезде ардақты ананың әртіс ұлы Алмас қасында досымен кіріп келеді. *(Анасын құшақтап, бетінен сүйеді, анасының иығына орамал жабады)*

Анасы: Жарығым-ау, амансың ба? Бүгін бәрің ақылдасып алғансыңдар ма? Бәріңді аман-есен көріп, төбем көкке жеткендей болып отырмын. Алмасжан, қасындағы қай бала? Амансың ба, шырағым?

Алмас: Анажан, мерекеніз құтты болсын! Сізді қуантайын деп «Алдараспан» театрының директоры сүйікті әртісіңіз Нұржан Төлендиевті алып келдім *(Мұқағали – Нұржан Төлендиевке пародия салатын бала)*. Сіз Нұржан балаңызды жақсы көріп, өнеріне сүйсінуші едіңіз ғой?

Нұржан (Мұқағали): Ақ жаулықты ғазиз ана, сізді мейрамыңызбен құттықтаймын! Ұл-қыздарыңыздың, немерелеріңіздің қызығын көріп, ұзақ жасаңыз!

Ана: Рахмет, Нұржанжан. Сенің ана бір жақсы әнің бар еді ғой. Қалай еді? «Жайна, жайна» ма еді? Сол әніңді орындап берсең қайтеді?

Алмас: Анашым, сіздің айтқаныңыз қашан да заң. Қазір орындап береді.

«Жайна, жайна» әні орындалады.

Ана: Өнерің өрге жүзсін, қарағым.

Алмас: Анажан, мен сізді қатт-ы-ы-ы жақсы көрем. Мерекелік шашуымды қабыл алыңыз. *«Сенің анаң алтын» әні орындалады.*

Автор: Осы кезде ананың телефоны шырылдайды.

Ана: Әле, бұл кім екен?

Америкадағы ұлы: Анашым, қалыңыз қалай? Денсаулығыңыз жақсы ма? Мерекеңіз құтты болсын! Елден алыста болған соң, мерекеңізбен құттықтап бара алмадым.

Ана: Жарығым, құлыным, біз аман-есенбіз. Өзің қалайсың? Жұмысың, бәрі жақсы ма? Қарның ашып жүрген жоқ па? Елге келіп соғымнан ауыз тимедің-ау. Саған деген сыбағанды сақтап отырмын, жарығым.

Америкадағы ұлы: Анашым, бәрі жақсы, мені уайымдамаңыз. Жақында демалыс алып барып қайтамын. Сізге гауһар сырға алып қойдым. Бұйыртса, қасиетті Меккеге алып барамын. Тағы да мерекеңізбен, анашым! Бауырларыма — бәріне менен сәлем айтыңыз. Сау болыңыздар!

Ана: *(көзінің жасын сүртіп)* - Құлы-

ным-ау, елден жырақта не бар, осында да жұрт нанын тауып жүр ғой десем, «Карьера» деп тындамады. Қайтейін, қайда жүрсе де аман болсын!

Айдана: Анашым, мерекеде көңіліңізді босатып қайтесіз? Қайта қуанбайсыз ба? Көрші кемпірлерге «Менің балам Америкада жұмыс істейді!» деп мақтанып отырасыз ғой қайта.

Ана: Бәріңді көріп, қуанышым, көңілім судай тасып отыр. Ақмандай, Жалғас ұлдарым хабарласпады ғой. Қолдары тимеді ме екен?

Автор: Осы кезде Ақмандай мен Жалғас кіріп келеді.

(Аналарын құттықтап, ән тарту етеді)

«Асыл ана» әні орындалады.

Ана: Құлындарым, аналарыңды құрметтеп, сыйлағандарыңа рахмет. «Пейіш ананың табанының астында», дейді. Анасын сыйлаған бала қор болмайды. Алла бастарыңа бақ берсін! Қайда жүрсеңдер де аман болыңдар! Сендер де бақытты ана, бақытты әке болыңдар. Тәрбиелеп отырған ұл-қыздарың дәл сендердей құрмет көрсетсін сендерге!

Нұрай: Барлығымыз «Ана туралы жырды» хормен орындасақ қайтеді?

1-жүргізуші: Әдеби кешімізді аяқтай келе, сөз кезегін мектеп директоры Алдоңғар Егеубайұлына береміз.

Жанар ТУРЦОВА,

«Алғабас ауылындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталықпен»

ММ педагог-ұйымдастырушысы.

Қарасай ауданы,

Алматы облысы.

Ана – біздің күніміз

Мақсаты: 8 наурыз мейрамы туралы түсінік беру, анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арттыру, сауатты, анық оқи алуға машықтандыру;

Оқушыны ізгілік, инабаттылық, сыйластық, адамгершілік сияқты қасиеттерге тәрбиелеу;

Сахна мәдениетіне тәрбиелеу.

Көрнекі құралдары: сынып шармен, гүлдермен безендіріледі. Тақырып жазылған плакаттың ортасында үлкен күннің бейнесі, ойынға қажетті заттар (алжапқыштар, йогурт, банан, шырын, қасықтар, т.б.), «Менің анам осындай...» атты балалардың аналарын бейнелеген сурет көрмесі, аналарына арнап жасаған ашық хаттары. Мерекеге сай ұнтаспалар жинағы, баян.

Жүру барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. (Сыныпқа әуенмен оқушылар кіреді)

1-оқушы:

Еліммен бірге тілегім,

Өзің деп соғар жүрегім,

Жатқа айта білемін,

Елімнің Әнұранын. (Әнұран орындалады)

Мұғалім: Балалар, жыл сайын, осы күні біз аналарымызды, әжелерімізді, қыздарды мерекелерімен құттықтаймыз.

2-оқушы:

Әлпештеген, аялаған,

Ақ сүт берген апатайым.

Сәлем жазып бүгін саған,

Мейрамыңмен құттықтаймын.

3-оқушы:

Бәрімізге анасын,
Біз үшін күн боп жанасың.
Құтты болсын мейрамың,
Аяулы менің анашым.

4-оқушы:

Аялаған, саялаған,
Бар бақытым, берекем.
Апатайым, құттықтаймын.
Бүгін сенің мерекен.

5-оқушы:

Бәрімізге анасын,
Біз үшін күн боп жанасың.
Құтты болсын мейрамың,
Құттықтаймын анашым.
«Ақ мамам» әні орындалады.

6-оқушы:

Өлең айтып беремін,
Нан да алып келемін.
Өйткені мен анамды,
Өте жақсы көремін.

7-оқушы:

Ақ сүтінен жаралған,
Ақ сүтінен нәр алған,
Анаға бас иеміз.
Туған елдің тілі деп,
Туған жердің үні деп,
Анаға бас иеміз.

8-оқушы:

Аналарды сүйеміз.
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз.

9-оқушы:

Мамам, мамам, ақ мамам,
Мен де өзіңнің ақ балаң.
Айтқан тілді аламын,
Жұмсағанға барамын.
Ақ төсекке жатқызса

Көзімді жұма қаламын.

Мұғалім: Балалар, аналарың сендерді еркелеткенде «құлыншағым, қозым, ботам» дейді ғой. Жанботаны анасы қалай еркелетеді екен?

10-оқушы: «Күнім, жаным» дегенді,
«Құлыншағым» дегенді,
«Қошақаным» дегенді,
«Айналайын» дегенді,
Ойлап тапқан кім екен?

(Балалар бірге: -А-НА-ЛАР)

- Ендеше, аналарымызға арнап
«Қара жорға» биін билеп берейік.

- Балалар, сендер күнделікті таңертең мектепке жиналасыңдар. Ал аналарың жұмысқа жиналады. Қазір біз бір қызық ойын ойнап жіберейік. Осы ойын арқылы кімнің анасы жұмысқа жылдам жиналатынын көрейік.

Ойын: «Менің анам жұмысқа қалай жиналады?»

11-оқушы:

Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз.
Той күні бір-бірден,
Анаға сыйлаймыз.

12-оқушы:

Өнерлі боп өсеміз,
Өмір сырын шешеміз.
Өсіріп, ой-сананы
Қуантамыз ананы.

13-оқушы:

Алақаны ақ самал,
Мәпелеген, жан ана.
Көкте күнім батса да,
Өзің күнсің балаға.

- Балалар, бүгін біздің ұлдарымыз аналарының орнында болып көреді. Ол қалай дейсіңдер ғой? Қазір ұлдарымыз алжапқыштарын тағып, аналарын жылдам тамақтандырады. (Банан, йогурт жегізіп, шырын ішкізеді)

14-оқушы:

Сен жалықпай жетектеп,
Мен жалықпай жетермін.
Айтқаныңды екіетпей
Ақ сүтінді өтермін.

15-оқушы:

Ана – біздің күніміз,
Ана – біздің гүліміз.
Ұландарды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

16-оқушы:

Бал-бөбегін баптаған,
Мамам үшін мақтанам.
Айналатын біздерді,
Көп жасасын жақсы адам.

17-оқушы:

Қадірлі аналар көңілі,
Көктемдей жайнап, гүл ашсын
Бақытқа толы өмірі -
Шаттыққа шаттық ұлассын.

- Балалар, бізді осындай әдемі, ақылды етіп өмірге әкелген аналарымызға не дейміз?

(Балалар бірге: рахмет!)

«Біз – өмірдің гүліміз» әні орындалады.

- Құрметтейік, о, адамдар, аналарды,

Бізді өмірге әкелген даналарды.
Себебі, Ана деген асыл жан ғой.

Ойлауменен істелік әр қадамды, -
деген сөздермен бүгінгі ертеңгілігімізді аяқтайық.

**Гулинұр ИБРАГИМОВА,
«Еңбекші орта мектеп мектепке дейінгі
шағын орталығымен» ММ бастауыш
сынып мұғалімі.
Жаркент қаласы,
Панфилов ауданы,
Жетісу облысы.**

«Құлағыңа алтын сырға» тіркесінің мағынасын білесіз бе?

Халқымызда «Құлағыңа алтын сырға» деген тәрбиелік мәні зор тіркес бар.

Мен осы жөнінде сауалнама жүргізіп көріп едім, жастар түгіл кейбір үлкен кісілердің өзі тура мағынасын білмейтін болып шықты. Әркім әр түрлі түсінеді екен. Оқығаны бар, оқымағаны бар әйтеуір халықтың сексен пайызға жуығы «Құлағыңа алтын сырға» деген сөзді: «Сен осыны құлағыңа құйып ал. Немесе осы сөз есінде жүрсін. Осы жұмысты жасау керек» және тағы басқадай түсіндірді. Кейбір өнер адамдары да өз білгендерінше түсінік берді. Тіпті, журналистердің де көбісі осы сөзді айтады жоғарыда отырғандарға. Кейде басшылар да осы сөзді қоластындағыларға айтып қалады.

Ал менің бұл сөз туралы ертеректе (қай газет екені есімде жоқ) бір қазақ басылымынан оқығаным және әке-шешемнен естігенім бар еді. «Құлағыңа алтын сырға» деген сөзді келіндерге немесе жас ұл-қыздарға айтатын болған. Себебі, қонақта немесе өзге жерлерде үлкендер әңгімелесіп отырған кезде араларында жас келіндер отырса, солардың көзінше айтуға болмайтын әрі оларға қатысы жоқ сөз айтылып қалса: «Айналайын келінжан, құлағыңа алтын сырға» дейді. Ол: «Сен бұл сөзді естімегендей бола сал. Және елге жайма» деген мағынаны білдіреді екен.

Енді осы сөзге байланысты бір оқиғаны баяндап өтуге тұра келіп тұр. Жуырда Алматы қаласында әр жастағы және әр саланың мамандары бас қосқан бір отырыста осы сөз туралы әңгіме қозғалып кетті де, әркім әр түрлі пікірлері мен ойларын ортаға салды. Сонда мен «Құлағыңа алтын сырға» сөзінің ең дұрыс мағынасын өзімнің білуімше айтып едім, жасы жетпіске жетіп қалған Мұратхан есімді бір профессор аға менің сөзімді қоштап, қолымды алды да: «Мен бұл сөздің негізгі мағынасын сенімен бесінші адамнан ғана естіп тұрмын» деді. Сонымен қатар, өзге бір қонақта отыр едім теледидардан бір

шенеунікпен сұхбат - хабар жүргізіп отырған журналист әңгіме арасында әлгі кісіге «Осы мәселеге де көңіл бөлсеңіздер екен. Құлақтарыңызға алтын сырға» деді. Сол сәтте аразмызда отырған Сыр елінің тұмасы Қыстау Омаров деген егде тартқан білімді кісі бойын ашу кернеп:

«Қазіргі кейбір журналистердің де сауаттары шамалы екен ғой. Бұл сөздің мағынасы мүлдем бөлек емес пе?» деп отырғандарға мән-мағынасың жоғарыда мен айтқандай түсіндіріп те берді.

Кейде әкімдер мен өзге де басшылар тұрғындармен жиын өткізгенде көпшілік өздерін толғандырып жүрген мәселелерін айта келе: «Құлақтарыңызға алтын сырға» деп аяқтайды сөздерін.

Осы сөздің шын мағынасын білетін кейбір басшылардың бәлкім содан да шығар халықтың жанайқайын естімегендей болып жүретіндері деген ойға да қалам кейде.

Ондай кезде «Құлағыңа алтын сырға» емес, «Құлаққағыс!» деп айтқан дұрыс шығар. Оның үстіне сырға әйел заты тағатын әшекей екені айтпаса да түсінікті емес пе? Ер адамға «Құлағыңа алтын сырға» деген қалай болар екен?

Егер біз халқымыздың мақал-мәтелдері мен қанатты сөздерінің мағынасын бұрмалап және орнымен қолданбайтын болсақ, кейінгі ұрпақ та дұрысы мен бұрысын анық білмей, әбден шатаспасына кім кепіл? Сондықтан бабаларымыздан қалған қандай сөз болсын мағынасын майыстырмай айтқанымыз жөн болар еді.

Ал, сіз осы сөздің мағынасы туралы не білесіз және не дейсіз, құрметті оқырман? Сіз де өз пікіріңізді білдірсеңіз болады.

**Бақытжан
ӘЛІҚҰЛОВ,**
ақын-журналист.
Тараз қаласы.

Әдептілік сәлемдесуден басталады

Мақсаты: оқушы бойында әдептілік пен алғырлық, адами қасиеттерді қалыптастыру. Жаман мен жақсыны ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

Түрі: брейн-ринг.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

Өткізілу барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Кіріспе бөлім. Көрініс.

«Әдептілік сәлемдесуден басталады» тәрбие сағатының қонағы Қадыр ата келеді. Ұлдар қол беріп амандасады.

- Ассалаумағалейкум, ата!
- Уағалейкумассалам, балалар!
- Сәлеметсіз бе, ата!
- Сәлеметсіңдер ме, балапандарым!
- Ата, жоғары шығыңыз. *(Орындыққа жетелеп отырғызады оқушы).*

- Рахмет, рахмет, отырындар. Апайларың әдептілік жайында сөйлесіңіз деп шақырып еді, «Ассалаумағалейкум» деп амандасып жатырсындар, ал сендер осы сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?

- Ата, «Ассалаумағалейкум» дегеніміз арабтың сезі «Сізге тыныштық тілеймін», «Алланың нұры жаусын» дегенді білдіреді.

- Ал, менің жауабым «Уағалейкумассалам» деген сөз ше? «Сізге де тыныштық тілеймін», «Алланың нұры жаусын» дегенді білдіреді ғой.

- Дұрыс, айналайындар. Маған сендердің сәлемдескендерің қатты ұнады.

- Ата, әдептілік сәлемдесуден баста-

лады деген емес пе? Біз үлкендермен сәлемдесуді білеміз.

Оқушыларды екі топқа бөлу. Әр топ өздеріне ат тандайды. Сайысқа түседі.

I айналым. «Үлкенге құрмет» деп аталады.

А) Екі топ үлкенге құрмет көрсету жайындағы әдептілік туралы айтып сайысқа түседі.

Үлкен кісіге бірінші болып сәлем беру керек;

Үлкен кісі үйден шығарда оның аяқ киімін дайындап беру керек;

Үлкендердің әңгімесін көңіл қойып тыңдау керек;

Үлкен адам алдында аяқты созып отыруға болмайды;

Үлкен адамның жолын кесіп өтуге болмайды;

Автобуста, көпшілік орындарда үлкен адамға орын беріп, құрметтеу керек.

Ә) Екі топқа ситуациялық жағдайға байланысты тапсырма беріп, тақырыпты өрбіту.

II айналым. «Парасат сыны» деп аталады.

а) Мақал-мәтелдер сайысы;

ә) Ырымдар мен тыйымдар.

• Сабақ кезінде белді таянуға болмайды;

• Жақты таянуға болмайды;

• Бетті басуға болмайды;

• Қолды тарақтауға болмайды;

• Басты шайқауға болмайды;

• Саусақты, қолды орынсыз ауызға салуға болмайды;

- Адамға қарап қолды шошайтуға болмайды;
- Ішті тартуға болмайды;
- Тырнақты тістеуге болмайды;
- Екі қолды төбеге қойып отыруға болмайды;
- Біреуге қарап ерін шығаруға болмайды, т.с.с.
- Өзіңнен кіші іні, сіңлілерінді ренжітуге болмайды;
- Кішкентайлар киінгенде, тамақтанғанда жәрдемдесіп жүру керек;
- Кішкентайларға дөрекі сөз айтуға болмайды, т.с.с.
- Айналайындар, әдепті балалар екенсіңдер. Отбасында, үйде қандай әдептілік сақтайсыңдар?
- Жер таянып отыруға болмайды;
- Тізені, табанды тартуға болмайды;
- Белді босқа буынға болмайды;
- Тізені құшақтауға болмайды;
- Аяқ-қолды жіппен байлауға болмайды;
- Бос бесікті тербетуге болмайды;
- Таяққа сүйенуге болмайды;
- Адамға пышақ, мылтық оқтануға болмайды;
- Құран оқып отырғанда күлуге болмайды;
- Ұйықтап жатқан адамды аттап өтуге болмайды, т.с.с.

III айналым. «Жорға» деп аталады.

«Білімдіге — биік орын» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, дана философ әл-Фараби небір билік, мансап иелерінің алдында бас имей, өзін тәкаппар ұстаған. Біздің де арамызда кез келген қиын сұраққа төтеп бере алатын небір озық, жүйріктер де бар шығар. Соларды сынап көрелік.

Тапсырмалар:

1. Арманға қарағанда Архат әдепті, Арланға қарағанда Арман әдепті бала.
Бәрінен де кім әдепті? (*Архат*)
 2. Аптаның бес күнін атына тамай, қалай рет-терімен санап шығуға болады? (*Алдыңғы күні, кеше, бүгін, ертең, бүгінгісі күні*)
 3. Ана сөзінің ортасында не бар? (*Н әрпі*)
 4. Теңізден қандай тастар табылмайды? (*Құрғақ*)
 5. Екібастұз қаласына биыл неше жыл толады? (*50 жыл*)
 6. Қаламыздың әкімін ата. (*В. Наби-товский*)
 7. Дүние жүзіндегі ең үлкен шөл. (*Сахара*)
 8. Ертеден келе жатқан ұлттық сазды аспап. (*Қобыз*)
 9. Әдеп дегенде, әдептіліктің несі түсіп қалады. (*Тілік*)
 10. Қазақстан Республикасы күні қашан?
 11. Мемлекеттік рәміздер;
 12. Білім ордасы;
 13. Мектеп директоры кім?
 14. Мектебімізге неше жыл болды?
 15. Басты байлық;
 16. 1 жылда неше ай бар?
 17. Ұя салмайтын құс;
 18. Орман дәрігері;
 19. Сабақ арасында болады.
- Ұпайлары, жұлдызшалары саналып, қорытындысы шығарылады.**
- Қорытынды: Оқушылар шығармашылығы.**
- 1-оқушы:**
Әдеп сақтап әманда,
Әрбір адал адамға.
Жасасаң сен жақсылық,
Қайтарады саған да.

2-оқушы:

Кішілерді аяла,
Білмегенін үйрет сен.
Өйткені сен әдепті,
Санасы бар бүлдіршін.

3-оқушы:

Кісілерден аянба,
Адамдығың көрінсін.
Қол ұшын бер көмектес,
Ол әрқашан саған дос.

4-оқушы:

Ақылы бар баласың,
Айтқан тілді аласың.
Намысты боп өссең де,
Әдепті бала боласың. *(Хормен)*
«Әдептілік әлемі». Е. Өтетілеуов.
Қарсы ал ерте күн көзін,
Төсегінді жина да.
Асықпай іш тамақты,
Жалама аяқ-табақты.
Саусағыңды сормағын,
Салдыр-салақ болмағын.

Салма аузыңа инені,
Үзбе жұлып түймені.
Ашуланбай, долданып,
Жауап бергін ойланып.
Іштарлыққа жол берме,
Бакталастық білдірме.
Мақсат қылмай алдыңа,
Қыдырып құр, қаңғырма.
Сыйлап үлкен кісіні,
Қамқорлыққа ал кішіні.
Сақта көше тәртібін,
Бағдаршамның ал «тілін».
Әдет қыл бұл ісінді,
Сонда ғана сен бала,
Әдепті, ақылды боласың.

Қарлығаш ҚАЛЫҚОВА,
Абай Құнанбаев атындағы №2 жалпы
орта білім беретін
мектептің бастауыш сынып мұғалімі.
Екібастұз қаласы,
Павлодар облысы.

Толқынды толқын қуады

Қазақ-орыс тілінде өткізілген мектеп-интернатқа қабылдау мерекесі.

Мақсаты: оқушыларда белсенді өмірлік ұстаным қалыптастыру, таңдаған жолының маңыздылығын ұқтыру, мектеп-интернат дәстүрлеріне етене араластыру

Міндеттері:

- оқушыларды мектеп-интернат тарихымен таныстыру;
- өз оқу орнын мақтан тұтуын қалыптастыру;
- эмоционалды қабылдаулары мен эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.

Құрал-жабдықтар: интерактивті тақта, ноутбук.

Реквизиттер: костюмдер, қағаз, фломастерлер, сыйлықтар.

Жүру барысы: фанфар ойналады.

1-жүргізуші:

Армысыздар, қадірменді халайық,
Сәлем сөздің сыр айнасын ашайық.
Қуанышты, шаттықпенен жүздесіп,
Баршанызға сәлем бердік, халайық!
Құрметті көрермен қауым! «Толқынды толқын қуады ...» атты мерекелік кешке қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: Добрый день, уважаемые педагоги! Здравствуйте, дорогие друзья!

Мы снова здесь, в уютном зале этом,
И осознаем торжественность момента!

Всех тех, кто поступил к нам этим летом,

Сегодня посвящаем мы в учащиеся
областной специализированной школы-интерната для одаренных в спорте детей им. Алии Молдагуловой!

1-жүргізуші: Бүгін бізде мерекелі, қуанышты күн, себебі бүгінгі күн «Мектебімізге жаңадан келген оқушыларымызды қатарымызға қабылдау» күні!

ҚР Мемлекеттік Әнұраны орындалады.

2-жүргізуші: Мерекелік кешімізді дәстүр бойынша, құттықтау сөзімен ашатын мектеп басшысына беріледі.

1-жүргізуші: Слово предоставляется заместителю руководителя по спортивной работе.

Бейнеролик тамашалау.

Би орындалады.

2-жүргізуші: Внимание! Сейчас на ваших глазах произойдут испытания, в результате которых мы получим идеального ученика нашей школы.

1-жүргізуші: Ни одно соревнование не обходится без судей. Сегодня судить будет ...

Жюри выявит самого быстрого, са-



мого находчивого, самого ловкого.

Әр бөлімнен бір оқушы шақырылады (барлығы 4 оқушы)

Тапсырмалар:

1. «Ең жүйрік». Кім жаңылтпаштарды тез әрі дұрыс айтады сол жеңімпаз. (7 минут)

2. «Ең тапқыр»

Мынандай бір жағдайды елестетіп көріңіз: көлік қаптаған жолдың арғы жағында сіз өз танысызды көріп қалдыңыз. Оны бір жерге шақырғыңыз келді. Алайда ол сізді ести алмай тұр. Сіз ым-ишараны қолданып оған сөзіңізді түсіндіруіңіз керек. (әр түрлі тапсырмалар жазылған қағаз таратылады, мысалы: театрға, балетке, дискотекаға, балық аулауға шақыру, уақыты — 5 минут)

3. «Ең епті»

Бастағы сурет. (Альбом қағаздары мен фломастерлер таратылады. Қатысушылар бастарына қағазды киіп, көңілді адамның суретін салады, уақыты — 2 минут)

Әділ қазылар өз бағаларын береді.

Ән орындалады.

Қатысушылардың бағаларын беру, марапаттау.

1-жүргізуші: Церемония посвящения в учащиеся во всех учебных заве-



дениях проводится осенью, поэтому давайте пригласим Королеву Осени для проведения ритуала посвящения в учащиеся.

Королева Осени: Я приветствую вас, дорогие учащиеся! Сегодня, в этот прекрасный, знаменательный день, я пришла поздравить вас со вступлением в учащиеся школы-интерната для одаренных в спорте детей им. Алии Молдагуловой!

Сегодня у меня почетная миссия совершить обряд посвящения. Вам предстоит преодолеть немало препятствий, чтобы добиться отличных знаний и успехов в спорте. И чтобы в дальнейшем ваша звезда не погасла, нужно стремиться к олимпу успеха, не отступая, какие бы трудности не возникали на вашем пути! Готовы ли вы принять клятву?

Ответ зала: Готовы!

Королева Осени: Теперь для принятия клятвы всех поступивших этой осенью прошу встать! (2 минуты)

Текст клятвы:

1-жүргізуші: Ант етеміз! Әлия Молдағұлова атындағы мектеп-интернаттың атына кір келтірмеуге! (Ант етеміз!)

2-жүргізуші: Клянемся приходить на уроки без опозданий и вести себя примерно! (Клянемся!)

1-жүргізуші: Мектеп-интернаттың күн тәртібін бұлжытпай орындауға! (Ант етеміз!)

2-жүргізуші: Клянемся с уважением относиться к родителям и ко всем, кто нас учит! (Клянемся!)

1-жүргізуші: Оқуға да, спортқа және қоғамдық жұмыстарға белсене араласуға! (Ант етеміз)

2-жүргізуші: Клянемся свято беречь и продолжать традиции родной школы! (Клянемся!) (3 минут)

Королева Осени: Поздравляю вас! Вот и свершилось то, ради чего мы здесь собрались. Вы посвящены в учащиеся! А теперь пришло время прощаться! Мне нужно уходить. Но напоследок хочу пожелать вам всего хорошего: понимания, знаний, любви, успехов и совершенствования своих возможностей!

1-жүргізуші:

Мектебің — алтын ұя жарқыраған,
Ұстазың — бұлақ көзі сарқыраған.

Шыңдалып, шыңға карай канат
кақтың,

Шарықта, жас қыраным, ақ жол саған!

2-жүргізуші:

Впереди — не простой путь!

Пусть он будет прямым и открытым
всегда,

Будет яркой мечта и счастливой
звезда!

1-жүргізуші: Тамаша әнге қанеки,
қол соғайық,

Тамылжыған үндерге тамсанайық.

Олай болса, «Көк тудың желбірегені
...» әніменен,

Өнер сүйген әншімізді қарсы алайық!

Ән орындалады.

1-жүргізуші: Осымен біздің мереке-лік кешіміз соңына келіп жетті. Сіздерге тек қана сәттілік, бақыт тілейміз!

**Батима Шайхина ТОЛУСПАЕВА,
Әлия Молдағұлова атындағы спортқа
бейімді, дарынды балаларға арналған
мектеп-интернат тәлімгері.**

**Қарағанды қаласы,
Қарағанды облысы.**

Менің қанатты достарым



**Замира
Қайырғалиқызы
КУЛЬБАЕВА,
Н. Островский
атындағы №4 орта
мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі.
Күршім ауылы,
Күршім ауданы,
Абай облысы.**

Мақсаты:

Барлық тыныс-тіршіліктің бастауы көктем ерекшелігімен таныстыру, құстар туралы білімдерін кеңейту, құстардың атын, маңызын, ерекшеліктерін білу.

Оқушылардың таным белсенділігін арттырып, ойлауын, тілін дамыту. Құстарға қамқор болуға, құстарды аялауға бейімдеу. Көңілді көктемде құстардың оралуын, олардың азайып кетуінен сақтандыру, құстар туралы ой-өрістерін, түсініктерін дамыту.

Құстарды қарсы алып, қамқорлық жасауға, оларды қорғауға, табиғатты сүйуге тәрбиелеу. Халық қазынасы мақал, ырым-тыйым, жұмбақ, болжамдарды тиімді пайдалана білу.

Әдісі: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын, сахналау, топтастыру.

Көрнекілігі: «Көктем» атты плакат, құстардың ұясы, құстардың суреті, бүктемелер: «Қанатты достар», «Жыл құстары», «Қыстайтын құстар», «Құстар туралы оқығың келсе...». «Құстар әлемі», «Мұны білесің бе?», «Халық болжамдары», слайдтар.

Сабақтың барысы:

I. Алғашқы ұйымдастыру кезеңі.

I жүгізуші: Сәлеметсіздер ме, қымбатты достар! Сіздерді көктем мереке-сімен «құстар күнімен» құттықтаймыз. Бұл мереке табиғаттың қысқы ұйқы-дан оянуын танытатын көктем хабар-шысы құстың келуіне байланысты.

II жүгізуші: Көк құрақ — көлдің сәу-леті, құс пен аң — ердің дәлеті деген-дей, халықтың хайуанаттар ішіндегі ең жақсы көретіні құстар. Олардың құ-былтып салған әндері біздерді сүйсін-дірмей қоймайды. Қанатты достары-мызды республиканың қай түпкіріне сапар шексек те кездестіреміз. Өйт-кені туған өлкенің климаты мен жер жағдайы құстардың алуан түрлерінің тіршілік етуіне мүмкіндік жасайды.

I жүгізуші: Табиғатты құрайтын тіршіліктің бірі — құстар. Халық ежел-ден-ақ құстарға әуес, оларға деген сү-йіспеншілігі шексіз, ең жақсы көретін адамын құсқа теңеу арқылы ықыла-сын білдіріп келеді.

II жүгізуші: Халық өз ортасынан шыққан санлақ ұлдарын сұңқарға те-неп, төгілте ән шырқайтын әншісін — бұлбұлға. Отан үшін, ел үшін жанын қиятын батырларын — қыранға, елден асқан сұлуды — аққуға теңеп жатады.

Құстар тойын құттықтап,
Үй салдым құстың алдынан
Қуанамыз, қолдаймыз.
Болсыншы ол өмір панасы
Ұя жасап, үй салып,
Өзімдей сәби балдырған
Біз оларды қорғаймыз.

Өссінші құстың баласы.

II жүргізуші: Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, сендер шешіңдер.

Түсі қара мақпалдай,
Төсі ақ сыр жаққандай.
Ұшса оқтай зулайды,

Көктен жұлдыз аққандай. (Қарлығаш)

Еркін самғап ұшсын деп,
Мәпелейміз, баптаймыз.

Бейбітшілік құсы, - деп,

Қайсы құсты мақтаймыз? (Көгершін)

Көлдің көркі сән екен,
Ұшқанда сазды ән екен.

Ақындар оны мақтаған,
Адамдар қорғап сақтаған. (Аққу)

Осы айтылған топтарды ортаға шақырсақ.

I жүргізуші: - Бүгінгі сайыста әділ баға беретін әділ қазылармен таныс болыңыздар.

Топтарға ойынның шартымен таныстырып кетеді.

1. Таныстыру;
2. Көктемнің тапсырмалары;
3. Жеті жұмбақ;

4. Кім жылдам?

5. Кім көп құс біледі?

6. Өнер сайысы;

7. Кім білгір?

8. Жағдаят;

9. «Көктем, құстар жайлы» поэзия минутын жасау;

10. Қорытындылау.

1-бөлім: Таныстыру. (Ұраны)

Капитан командалары өздерінің командаларын таныстырады.

1. Мен адамның досымын,
Мекенінде тұрамын.

Шыбын келсе кәсібім, ұстап жеймін, қырамын.

Тазалаймын үй ішін, шыбын деген кеселден.

Ел аузына мақтаулы, санитармын төселген.

Сондықтан да біз бүгін, қарлығашпыз ақ тамақ.

Қарлығаш-киелі құс. Ол адамның досы. Қарлығаш ұясын асханаларға, үйлердің кіре беріс жеріне, киіз үйдің шанырағында салады. Ол кішкентай сәбиді айдаһардан қорғап қалған.

2. Бейбітшілік құсы көгершін,

Жер бетінде бейбіт еңбек, көгерсін.

Аспан тұнық, шат көңілді болайық,

Ақ ниетті, адал жандар көбейсін, - деген мақсатта біз көгершінді алып отырмыз.

Көгершін — достықтың символы. Әділеттің, бейбітшіліктің құсы. Бақыт құсы, әлемді шарлап хат тасушы құс болған. Бірлікті, татулықты білдіретін құспыз.

3. Құс сұлуы аққумыз,

Табиғат көрік сыйлаған.

Мылтығын кезеп еш мерген,

Атуға көзі қимаған.

Сұлулықты паш етіп,

Жырлаған талай ақындар.

Нәзік үнді, көл көркі,

Құс патшасы бізбіз.

Аққу құсының мүсіні қазақ халқының саз аспаптары — домбыра, қобыз құрылысына өте ұқсас. Аққу киелі құс, сұлулықтың бақыттың белгісі. Оны атуға болмайды.

I жүргізуші: Біздің міндетіміз қанатты досымыз құстарды қорғау. Құстардың ұясын бұзып, жұмыртқаларын жарып, рақымсыздық жасап, жазықсыздан — жазықсыз құстарды жәбірлеуге, өлтіруге жол бермейік деп **ант етеміз.** (Барлық бала айтады)

Балалар, «табиғат» дегенде сендердің ойларына не келеді?

Табиғатты құрайтын жанды тіршілік иесінің бірі-құстар. Құстар — табиғаттың әні мен сәні.

1-оқушы:

Табиғат, қандай сұлу, қандай көркем,

Мамырда жасанады гүлдеп ертең.

Сылдырлап бұлақ ағып сай-саладан,

Ағаштар жапырақ жайып, қыр көгерген.

I жүргізуші: Табиғат — халық қазынасы. Адамның бар тіршілігі табиғатқа байланысты, күш-қуатты, бар игілік пен жақсылықты ол табиғаттан алады.

2-бөлім: Көктемнің тапсырмалары.

Хормен:

Құстар, құстар келеді!

Жерді шуға бөледі.

«Көктем келді» - деп бізге,

Жақсы хабар береді.

II жүргізуші:

Жылы шуағымен гүл өсіріп,

Жыл құстарын ілестіріп,

Ару көктем, міне

Самалынан нұр есіп.

(Көктем ортаға келеді)

2-оқушы: (көктем)

Сәлем, достар аман ба?

Мынау бейбіт заманда.

Шад-шадымен көктеммен,

Шаттық болсын әманда.

Ән құрадым гүліммен,

Қуантамын бәріңді,

Құт-мереке күніммен.

- Менің сендерге әкелген сөзжұмбағым бар.

1) Ұшқаны қызық жалпылдап,

Өзі сондай қарқылдақ (қарға)

2) Акқу жүрсе су да ... (сұлу)

3) Көктемнің алғашқы айы (сәуір)

4) Орман дәрігері (тоқылдақ)

5) Бізді қоршаған орта (табиғат)

6) Үйіме үйін салады (қарлығаш)

- Ортада қандай сөз шықты?

- Ендеше, бүгін біздің тақырыбымыз **құстар** туралы болмақшы.

- Ал, ендеше, көріскенше, сау болындар балалар.

3-бөлім: «Жеті жұмбақ»

- **Мына тұрған ұяшықтардың ішінен тапсырмаларды орындайсындар.**

1. 10 — Бұл қай құс?

2. 10 — Бұл қай құс?

3. 10 — Бұл қай құс?

4. 20 — Жылқыда өт жоқ,
Құста...(сүт жоқ)

5. 20 — Қаз келсе, ... (жаз келер)

6. 20 - Ер жаңылып қолға түсер, ...
(құс жаңылып торға түсер)

7. 30 — Түсі қара мақпалдай,
Төсі ақ сыр жаққандай.

Ұшса оқтай зулайды,

Көктен жұлдыз аққандай. (Қарлығаш)

8. 30 — Қызығып әр адам,
Ұстап ап даладан.

Жүнінен жұлып ап,

Бесікке қадаған.

Бұл қай құс? (Үкі)

9. 30 — Қашаудай мықты тұмсығым,
Бәсеке тігем бұл шыным.

Құрт, қоңыз аулап жарысам,

Орман дәрігері боп табылам. (Тоқылдақ)

4-бөлім: Кім жылдам?

Енді әр топқа 6 сұрақтан қойылады.
Мүдірмей тез жауап беру керек.

1. Құстың негізгі баспанасы? (Ұя)

2. Қандай құс хат тасушы атанған?
(Көгершін)

3. Қай құста мүлде ұя болмайды?
(Көкек)

4. Адам қай құсты аң аулауға пайдаланады? (Бүркіт)

5. Торғайдың жүрегі минутына неше рет соғады? (Тоғыз жүз алпыс рет)

6. Орман дәрігері қай құс? (Тоқылдақ)

1. Құстарда ғана болатын сүйек? (Жіліншік)

2. Көктемнің алғашқы айы. (Сәуір)

3. Бейбітшілік құсы? (Көгершін)

4. Сайрайды, бір талмайды. Қай құс? (Бұлбұл)

5. Қыстан кейінгі мезгіл? (Көктем)

6. Барлық құстардың ұқсастығы? (Ұшады)

1. Әлемдегі ең жүйрік құс (Сұңқар)

2. Суда жұбын жазбай жүретін, ең әдемі, достыққа берік құс. (Аққу)

3. Сөйлей алатын, қолға үйретілген құс. (Тотықұс)

4. Киелі құс? (Аққу)

5. Қандай құстың құйрығы айыр? (Қарлығаш)

6. Түнде ұшатын құсты ата? (Үкі)

5-бөлім: Кім көп құс біледі?

Үш топ өздері білетін құстардың аттарын параққа жазады.

Олар жазып біткенше, «Құстар» биі биленеді.

6-бөлім: Өнер сайысы

Әр топтан бір өнер көрсетеді.

Топтар дайындалғанша, біз «Ұшты, ұшты» деген ойын ойнаймыз.

7-бөлім: Кім білгір?

1. Қазақстанда қанаттылардың неше түрі мекен етеді?

3-оқушы: - Қазақстанда қанаттылардың 481 түрі мекен етеді. Ал бүкіл жер шарында тоғыз мыңға жуық түрі бар. Әр құстың өз кәсібі бар. Біреулер ән айтса, екіншілері құрылысшы. Көпте-

ген құстар ежелден қолға үйретіліп, үй хайуанаттар қатарына қосылған.

2. Ең алғашқы ұшып келетін құсты атаңдар? (Қараторғай)

4-оқушы:

Ұшып келген ең алғаш,

Қараторғай қырағы.

Ұяларға қонақтап

Дейді «менің қырағым»

3. Аққу туралы не білеміз?

5-оқушы: - Аққу — қорғауға алынған жыл құсы. Мойны ұзын, әдемі құс. Халқымыз сұлулықты әдетте аққуға теңеген. Аққулар наурыздың басы мен сәуірдің соңына дейін оралып, қазан айында ұшып кетеді. Ұясын жұптасып қамысы нулы, суы таза, тұщы көлдің жағасына салады. 3-7 жұмыртқаны 35-40 күн басып шығарады.

4. Мынау қай құстың дауысы? (Бұлбұл)

5. Тоқылдақ туралы не білеміз?

6-оқушы: Тоқылдақты «орман емшісі» деп атайды. Ағаштарды зиянды жәндіктерден арылту, емдеу-оның кәсібі. Тоқылдақтың біреуі күні бойы қабық жейтін бунақденелілердің 750-900-ін аулайтыны анықталған.

6. «Бейбітшілік құсы» деп қай құсты айтады?

7-оқушы: - Көгершінді. Көгершін — дүниежүзінің көптеген халықтары үшін бейбітшілік белгісі.

8-оқушы:

Бейбітшілік құсы — менмін көгершін,

Жер жүзінде бейбіт еңбек көгерсін.

Аспан тұнық, шат көңілді болайық,

Ақ ниетті адал жандар көбейсін.

Қай құста ұя болмайды?

9-оқушы:

Жыршысымын көктемнің,

«Көкек» дейді мені жұрт.
Өз атын айтар құс менмін,
Көктемді күтсең мені күт.

Өз ұрпағына ұқыпсыз болса да көкек пайдалы құстың біріне саналады. Көкектің балапаны бір күнде 39 шегіртке, 43 жұлдызқұрт, 4 өрмекші және басқа жәндіктердің жұмыртқаларын қорек етеді.

I жүргізуші: Табиғатты қорғауға байланысты қазақтың қандай тыйым сөздерін білесіңдер?

1. Құстың ұясын бұзба;
2. Жасыл шөпті жұлма;
3. Аққуды атпа;
4. Суды лайлама.

8-бөлім: «Жағдаят»

10-оқушы: Халқымыз табиғат тылсымын ерте заманнан-ақ түсініп, оны өзінің тұрмыс-тіршілігіне арқау етіп қолдана да білген. Құстар арқылы **ауа райын** болжаған.

11-оқушы: Ел арасында ауа райын болжағанда осы ақбас тырнаның келу-қайтуына қараған. Тырналар тым төмен ұшса, ұзамай күн суытады, ал жоғары самғап бара жатса, күз ұзақ болады делінген. Кеш қайтса, қыс жылы болады.

12-оқушы: Бозторғай ән салса, күн ашық болады.

Торғай шаңға аунаса, жаңбыр жауады.

I жүргізуші: Халқымыз құстар арқылы түсті жорып, болашақты болжаған.

13-оқушы: Қарлығашқа байланысты түрлі **ырымдар** бар:

1. Түсінде қарлығаш көрсең, бақытқа кенелең;
2. Қарлығаш көрсең, қалтанды как, буда-буда ақша түседі;

3. Қарлығаш қайтатын кезде қораға қонса, қой егіз туып, ақ мол болады, ал егер үйге қонса, жан басы көбейеді;

4. Түсінде қараторғай көрсе, онда ол өңінде қуанышқа бөленеді;

5. Егер түсінде қазды көрсе, онда өңінде оның азық-түлік қоры көбейеді.

9-бөлім: «Көктем, құстар жайлы» поэзия минутын жасау.

10-бөлім: Қорытындылау.

I жүргізуші: Тамылжыған тамаша табиғаттың көрікті көктемінде құстар әні толастамайды. Құстар тойы тойға ұлассын! Бейбіт аспанда қалықтандар, шаттана шарықтандар, қанатты достар!

II жүргізуші:

Тіккен туы қазақтың,
Күнге сәлем жолдасын,
Қыран құсы қалықтап,
Көк аспанды шарласын.
Көк байрағым желбіреп,
Атақ-даңқын талмасын.

I жүргізуші: Қанатты құстарды қорғай біліңдер! Балапандарына тимей, тіршілік етуіне мүмкіндік жасандар. «Құстар – біздің досымыз» екенін естеріңнен шығармандар!

II жүргізуші: Тамылжыған тамаша табиғаттың көрікті көктемінде құстар әні толастамайды. Құстар тойы тойға ұлассын! Бейбіт аспанда қалықтандар, шаттана шарықтандар, қанатты достар!

I жүргізуші: Қанатты құстарды қорғай біліңдер! Балапандарына тимей, тіршілік етуіне мүмкіндік жасандар. «Құстар – біздің досымыз» екенін естеріңнен шығармандар!

Адамгершілік – «айналайын» деген сөзден басталады



**Майра
Ғабдоллақызы
ИГІСІНОВА,
№3 жалпы орта
білім беретін
мектебінің
қазақ тілі мен
әдебиеті пәні
мұғалімі.
Орал қаласы.
Батыс Қазақстан
облысы.**

Адамгершілік — «айналайын» деген сөзден басталады, - дейді Ділдә апам. Мен бұл мақаламда Тасмағамбет келіні Ділдә Матайқызының «Тәрбие туралы толғаныс» атты сырласу кітабы туралы айтқым келеді.

Дұрыс тәрбие — бұл біздің бақытты қарттығымыз, нашар тәрбие — бұл біздің келешек қайғымыз, біздің көз жасымыз, барлық ел алдындағы айыбымыз. Адам тағдырын тәрбие шешеді. Бір қауым елдің ақылшы анасы кешкен ғұмыры, көрген қызығы мен шыжығын, өмірден түйген тәжірибесін жас ұрпаққа, яғни біз сияқты қыз-келіншектерге аманаттаған асыл ой-түйіндері мені қатты толғанды.

Мұғалімдік қызметімдегі ең маңызды сәттердің бірі — тәрбие сағаты. Әрбір тәрбие сағатының негізгі мақсаты — оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке, парасаттылыққа, жауапкершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.

Ал, тәрбиені мойындамау — адамдардың, жанұяның, мемлекеттің және бүкіл әлемнің құруы деген сөз. Ендеше, тәрбие ауадай қажет. Оқушының өзіндік ой-пікірін, азаматтық танымын, түсінігін қалыптастыруда анамыздың осы бір естелік әңгімесін тәрбие сағаттарында, әсіресе, қыз балаларға оқып, бала ұғымын кеңейтіп, еліктіріп отырса нұр үстіне нұр емес пе?

Мысалы: «Айналайын, алтын асықтай келіндерім, қонақ келсе шырайлы қарсы алыңдар. Ол алдымен еріңе, сосын өзіңе сын».

Кей жас келіншектердің «өзіміз құрып отырғанда, құдай-ай, қайдан ғана қаңғып келе қалды» - деп ыдыс-аяғын тарсылдатып, жазықсыз сәбиін жылатып мінез шығаратыны бар.

Жоқ деген жерге қашанда жоқ үйір болады. Келіндерім, қазақ үшін бәрібір қонақтың аты — қонақ. Қонақжайлылық — ұлтымыздың сүтімен еніп сүйегіне сіңген ұлы дәстүрінің бірі, - дейді Ділдә апам.

Халқымызбен бірге ежелден жасып келе жатқан, санасына жазылып қалған тыйым заңдары бар. Ол жасқа да, қартқа да ортақ. Кейінгі жастарға үлгі, тоқу болсын деп, сол тыйым заңдарының бірсыпырасы себеп-салдарымен қоса мысалға келтірілген.

Үйге атпен шаппа — жау таяп қалғанда, не өлімді хабарлағанда ғана болатын жағдай.

Жасы үлкеннің алдын кеспе, сөзін бөлме — бұл құрмет.

Бас киіммен ойнама, біреуге сыйлама — қонған бақтан айырыласың, басың бірікпейді.

Ошакқа су құйма — өз отынды өзін өшірме.

Бос бесікті тербетпе — ұрпақсыз қаласың.

Жылқының құйрық, жалын күземе — тұл қалғанның белгісі.

Малды басқа ұрма, теппе — ырысыңнан айырыласың.

Кешқұрым ұйықтама — жын-пері көшетін кез.

Айға қолынды шошайтпа — қасиетті.

Жерге түкірме — Жер-Ана, анасының бетіне ешкім түкірмейді.

Нанды баспа — киесі ұрады.

Түнде суға барма — су перісі қағуы ықтимал.

Екі бүйірінді таянба — қайғы, қасірет белгісі.

Бөгде адамнан қайда барасың? — деп сұрама — көргенсіздік.

Сорпа, шайды үрлеп ішпе — дегбірсіздік.

Жай отырып үгілеме — уайым, қайғы шақыру.

Қолынды төбене қойма — дүниеден безіну.

Табаныңды тартпа — бейнет шақыру.

Таңдайыңды тақылдатпа — жаман ырым.

Өтірік жылама — құдай шын жылатайын десе қиын емес.

Жерді таянба — торығу.

Босағаны керме — жазаланудың белгісі.

Табалдырықта тұрма — суыт хабар жеткізгеннің белгісі, төр киелі, табалдырық ұнамсыздау орын.

Кісіге қарап есінеме — әдепсіздік.

Кісінің басынан кертұқыл алма — ба-

сынан тоқпақ кетпейді.

Күйеу бала қайын жұртына барғанда бас ұстамаған, дастарханға бата бермеген, сүйекке түспеген.

Келін атасымен, қайнағаларымен қол алысып амандаспаған — әдепсіздік саналған.

Әр тыйым заңының астарында халқымыздың өмірлік пәлсапасы жатқан жоқ па?...

Айналайын, тән сұлулығы мен жан сұлулығын айыра білесің бе? Атақты ақынымыз Мұхтар Шаханов:

Мағынасыз жылтырақты сақтамайды ел еске,

Жалын болып жылу болмау,

Әйел болып сұлу болмау,

Табиғатты алдаумен тең емес пе?

Гүлзар әйел қауымына сұлулықсыз бақ қайда,

Шын сұлулық тереңдікте жатпай ма? - деп жырлайды.

Кеңес идеологиясымен сусындаған біздер «Тәні саудың — жаны сау» деп тақ-тұқ түсінікті ұзақ жылдар бойы ұрандай жаттап өстік. Ал, «Құран-кәрімде» «Иә, Алла, тәні саудың жанын да сау ете гөр» деп тілек етеді. Демек, тәні саудың яғни қол-аяғы балғадай, екі беті алмадайдың бәрінің бірдей жаны сау емес екен.

Тән сұлулығы — сыртқы көз арбар көрініс.

Жан сұлулығы — бұл әйелдің ішкі дүниесі, сезім-шынайылығы, мінез-байлығы, пейілі-кендігі, ар алдында адалдығы.

Тән сұлулығы — теңіз бетіндегі көпіршігі мол толқын.

Жан сұлулығы — бұл тереңдегі ағын. Екеуі екі басқа дүние.

Осы екі қасиет бір адамның басында

ұштасса, ғұмыр бойы айналасын нұрға бөлеп өтер еді.

Қыздарым, сіңлілерім, жаның да, тәнің де сұлу болғай, - дейді Ділдә апамыз.

«Тәрбие туралы толғаныс» атты кітабында анамыздың айтар сыры, шертер жыры мол.

«Бірлесіп пішкен тон келте болмас» дегендей, ұстаздар қауымы осындай нақты өмірлік дәлел мысалдарымен үлгі-өнеге көрсете білген, айта білген аға-апаларымыздың еңбектерін тәрбие сағаттарында пайдаланып отырса деген ойдамын.

Балғын гүлдей балақан

Жүргізуші: Қымбатты ата-аналар, қонақтар, балалар. Қош келдіңіздер!

Бүгінгі күні біз сіздерге бала бақша-мыздың ересектер және кішкентайлар тобымен бірігіп дайындаған «Балғын гүлдей балақан» атты ертеңгілігімізді тамашалауға шақырамыз.

1-бала:

Отан — сенің ата-анан,
Отан — досың, бауырың.
Отан — өлкең астанан,
Отан — аудан, ауылың.
«Отаным» әні орындалады.

2-бала:

Бір тынбайды сылдырап,
Қолымызға қанша алсақ.
Жақсы екен сылдырмақ
Би билесек ән салсақ.
«Сылдырмақ» әні орындалады.
«Құстар — менің достарым» әні орындалады.

Кішкентайлар енді отырып демаламыз,

Ересектер ән-шашуын қарсы аламыз.

«Бала сағынышы» әні орындалады.

«Боз жорға» әні орындалады.

3-бала:

Ақ көйлегім үстімде,

Би билесем «Айгөлек».

Қой демейді ешкімде,
Шаршамаймын дөңгелеп,
«Айгөлек» биі орындалады.

4-бала:

Бейбіт елдің сақшысы,
Біздің әскер ағамыз.
Бейбітшілік ақ құсы,
Шарықтайды қараңыз!
Біз де әскер, біз де әскер боламыз!
«Ел қорғауға әзірміз», «Анашым», «Еркем-ай», «Ертегі» әндері орындалады.

5-бала:

Қуыршағым, бөпешім,
Неге шик-шиқ етесің?
Бүйіріңнен қыспайын,
Бостау ғана ұстайын.
Жата қойшы, жата ғой,
Тәтті ұйқыға бата ғой.
«Қолқанат» қойылымы қойылады.
«Қуыршақ», «Жаз келеді, алақай!» әндері орындалады.

М. ДАУЫЛБАЕВ,

«Өрлеу» БАҰО АҚ «Атырау облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалының музыка пәні әдіскері
Атырау қаласы.

Оқырманның алғысы...

Ақтөбе қаласының Жарық елді мекенінде орналасқан Фариза Онғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназиясы туралы, дәлірек айтсам, мектептің және мектеп қабырғасында орналасқан ауыл кітапханасы туралы жазсам деп едім.

43 жыл мұғалім болып жұмыс жасап, зейнеткерлікке шыққаннан бері осы кітапханадан кітап алып, оқып келемін.

Ең біріншіден кітапхана іші жарық, тап таза. екіншіден кітап қоры өте бай. Әсіресе, қазақ тіліндегі әдеби кітаптар қажет болса іздегенінді таба-сын. Үшіншіден, кітапханашылар Кенетаева Базаркул Бимуханбетовна мен Даулет Гулнар білімді, өз істерін жақсы білетін, еңбекқор жандар.

Қай кезде барсаң да кітапхана іші қарбалас тірлік. Оқушылар кітап алып, оны талдап, бейнебаян түсіріп жатады. Көркемсөз оқу дәстүрі мен өздері оқыған кітаптар туралы шағын бейнебаян түсіру дәстүрге айналған. Менің осы аталмыш мектепте 4 немерем оқыды. Менің байқағаным, кітапхана-шы апайлары оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтарын шындап келеді. Үнемі әдеби кітап алып, оқып талдап отыру жанұямыздағы міндетті іс-әрекет.

Қазіргі заманда баланың телефон мен әлеуметтік жүйеден ажырап, әде-би кітап оқуы — басты құндылық. №41 мектеп-гимназиясының оқушыла-ры міне, осындай оқырмандар. Ол кітапхана қызметкерлері мен пән мұға-лімдері еңбегінің жемісі. Менің өзім де әдеби кітап алып оқып тұрамын, оқығым келіп таба алмай жүрген кітаптарымды осы жерден таптым. Тағы бір ерекшелігі — кітап қорының молдығы.

Өз атымнан кітапхана ұжымына аналық алғысымды білдіремін. Себебі, әдеби кітап оқитын баладан көп нәрсені күтуге болады, олар сауатты бо-лып қана қоймай, рухани байиды, қазіргі заманда бізге керекті осы. Кітап оқыған бала оң жолдан адаспайды, өмірден өз орнын табады деп ойлай-мын. Кітапқа деген махаббаттарын оятқан кітапханашы апайлары Даулет Гулнар мен Кенетаева Базаргулге алғысым шексіз.

Генкаржан Бисенгалиевна БИСЕНГАЛИЕВА,
ардагер ұстаз, зейнеткер.
Ақтөбе қаласы.

Талантты және дарынды бала

Дарынды балалар — еліміздің интеллектуалдық элитасын қалыптастыратын ұлттық құндылық.

Әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу — ұстаз парызы. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту — бүгінгі күннің басты талабы. Жас ұрпақты заман талабына сай тәрбиелеп, дарындылығын арттыру мақсатында шығармашылық жолға баулу — аса маңызды міндет.

2024 жылдың 23 ақпан күні М. Ломоносов атындағы қалалық орталық



кітапханада Ақтөбе қаласының 155 жылдық мерейтойы аясында, «Дарабоз» жастар жобасының ұйымдастыруымен «Талантты және дарынды бала» атты ашық әңгіме өткізілді.

Мақсаты: Қоғамда өнерді дәріптейтін, әдебиетті сүйетін мәдени ортаны

қалыптастыру. Жас өнерпаздардың шығармашылығын шыңдау, олардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Республикалық, халықаралық байқаулармен бәсекелі додаларда Ақтөбе облысының намысын қорғап, мерейін асқақтатуға өзіндік үлесін қосып жүрген талантты, дарынды балаларды кітапхана оқырмандарына насихаттау.

Шара қонақтары ҚР Құрметті азаматы, ҚР еңбек сіңірген қызметкері, Ақтөбе облысының құрметті ұстазы, педагог-шебер, білім беру ісінің үздік педагогі, Үлгілі «Еңлік» би ансамблінің көркемдік жетекшісі: Байдильдинова Гульнар Вахитовна, шәкірті: Дүзбай Раушан.

№1 Балалар музыка мектебінің дәстүрлі ән класының жетекшісі: Нұргүл





Сержанқызы, шәкірті: Мәулетшәріп Құсбек, №1 Балалар музыка мектебінің дәстүрлі ән класының жетекшісі: Назерке Аманкелдіқызы, шәкірті: Серікбай Исмайыл.

Балалар және жасөспірімдер шығармашылық үйінің эстрадалық вокал жетекшісі Нұрлыбай Бауыржан Нұрлыбайұлы, шәкірті: Шинбаев Қуанышбек Қаныбекұлы.

Талантты балалардың жетістіктері жинақталып «Дарынды шәкірт — білікті ұстаздан» атты жетістіктер көрмесі қойылды. «Өнерлі ұрпақ — кемел болашақ» атты көрмеге кітапхана қорындағы өнер саласына байланысты кітаптар қойылып, таныстырылды. Кеш қонақтары, шәкірттерінің жеткен жетістіктері туралы, алдағы уақытта жоспарлары, би өнерінің, дәстүрлі әннің өз ерекшеліктерімен бөлісе отырып, қонақ кәде ретінде өз шығармашылықтарынан ән, би, жыр шашуларын арнады. Ақтөбе қаласына 155 жыл толуына орай кітапсүйер қауымға Ақтөбенің тарихы, кітапхана тарихы баяндалған бетбелгі таратылды.

Назерке Абатқызы ЖӘЛЕЛОВА,
Қалалық орталық кітапхана
библиографы.
Ақтөбе қаласы.

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған

Ақтөбе қаласы №1 Абай атындағы қалалық кітапханада, Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» атты музыкалық шара өтті.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ұлттың әдебиеттің негізін қалаушы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы — біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Сондықтан, азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн.

Кешімізді Алтын Сейітжан халық әні «Айқаракөз» әнімен ашып берді.

«Көркем сөздің асылы — поэзия» тақырыбында «Абайдың поэтикалық сөзі» атты әдеби клубы мүшелері Сырлыбай Әйгерім мен Үмбетай Тоғжан ақынның «Қыс», «Күз» шығармаларын жатқа оқыды.

Ақын шығармалары туралы оқушылар арасында «Менің қиялымдағы Абай» тақырыбында ойтолғауды №1 Абай атындағы қалалық кітапханасының кітапханашысы Гүлназ Райысқызы жүргізді. «Құлақтан кіріп, бойды алар» кезегінде клуб мүшесі Ғаниден Мәнібай домбырамен «Ерке сылқым» күйін орындап берді.





Ұлы ақын, ағартушы Абай музыка саласында да айтарлықтай мұра қалдырды. Абай әндерінің өзгешелігі — мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, мазмұнының ашықтығында. Оқырмандарымызбен бірге «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы» әнін бірге шырқадық.

Қорыта келе айтарымыз, Абайдың



шығармаларын, хакімдік сипаттарын оның мұрасын зерттеуде, Абай шығармашылығын тереңдете оқытудың мәні мен маңызы өте зор. Ахмет Байтұрсынов атап көрсеткендей «Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», - деп қазіргі қазақ баласына ұлы ақынның мұрасын оқытудың маңызын айтып жеткізуіміз керек. Оқудан, білуге ұмтылушылықтан, ізденуден жалықпайық деген тілек айта отырып, бүгінгі кешімізді аяқтадық.

**Алия Амантайқызы
БАЙМУХАНОВА,
№1 Абай атындағы қалалық
кітапхана меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.**



**Амина Абдикеримовна АБДИХАДИРОВА,
Жайсан орта мектебінің 4 «ә» сынып оқушысы.**

Жайсан ауылы,

Шу ауданы,

Жамбыл облысы.

**Жетекшісі: Мадина Алдабергеновна
ДАУЛЕТКАЗИНА.**

Менің Мұқағалиым

*Құлагері өлеңнің төрімде тұр,
Текті адамнан туады тегінде жыр.
Тірі емес деп айтасыз тым тосындау,
Менің Мұқағалиым көгімде жүр.*

*Менің Мұқағалиым (еншіледім),
Бұл қылығым көрінер ерсі менің.
Баз біреулер сияқты ақын атын,
Ысыруға жанымнан көншімедім.*

*Мұзарт тұтты-ау Музасын жыр
елінде...
Жаным қимай ақынды жүр өлімге.
Дұға еттім: күнде атын мың
қайталап,
Менің Мұқағалиым жүрегімде.*

*Менің Мұқағалиым жүрегімде,
Жүрегімде жанады бір өмірге.
Жырдың туын көгіме күн тұтқан соң,
Жырдың пірін жырламай жүремін бе?*

*Қаса жырдың қалғымас хас түлегі,
Тасқыны еді шабыттың, қасқыры еді...
Мақатаев дегенді айта қалса,
Өлең болып ол маған естіледі.*

*Ұлылықты күннен ол айдан да ұқты,
Ойды торып, сонан соң ой тоғытты.
Біз Мұқанды мұқатып жүрген кезде,
Өлмей тұғын өлеңге айналыпты.*

*Ол — өлеңнің шырайлы шынары еді,
Көз жаза ма шынарға құмар елі.
Қара өлеңі қазақтың қаза болмай,
Қаза болмас өлеңнің Құлагері.*

*Ақыным деп мен енді паңданайын,
Ақын жайлы ойламау — жанға уайым.
... Махаңдардың сарқытымын деген еді,
Мұқаңдардың сарқыты мен болайын!*



Шахмат – ақыл-ой спорты

2024 жылдың 14 наурыз күні қалалық орталық кітапхана жанынан құрылған «Шаңырақ» отбасылық клубының ұйымдастыруымен Ақтөбе қаласының 155 жылдық мерейтойы аясында «Шахмат – ақыл-ой спорты» атты шахмат жарыс өткізілді.

Мақсаты: Кітапхана оқырмандарының шахмат ойынына деген қызығушылығын арттыру; Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; Ойнау логикасы зейінділікті дамытуға, әр алуан варианттарды жылдам әрі дәл есептей білуге, жеңіске жетуге деген ерік-жігерді қалыптастыруға және басқа да

калық жолдарын, ой тұжырымдарын жасау, есте сақтау, қорытынды жасай алу қабілетін, мақсат қоса білу қабілетін дамытуға көмектеседі. Елбасымыз шахматтың тұнып тұрған есеп екенін айта келіп, «Есепке жүйрік адам математиканы еркін меңгереді» деген болатын. Сондықтан шахмат пен математика ғылым мен ілім ұштасып жатқан тұтас ұғым деп түсінуіміз керек.

Бәйгеге кітапхана оқырмандары қатысты. Әр қатысушы өз біліктіліктерін танытып, ең үздік шахмат ойыншысы кубокпен және 1-2-3 орын медальдарымен, алғыс хаттармен марапат-



моральдық қасиеттерді тәрбиелеу.

Шахмат ойыны жоғары интеллектуалдық спорт түрі. Шахмат – адамның ақыл-ой дамуына ықпал ететін білім. Шахмат ойыны балаларға тек қуаныш сыйлайтын ойын ғана емес, ойлауды дамытудың тиімді құралы. Шахмат ойыны сонымен қатар, кеңістікті бағдарлай алу қабілетін дамытуға, ойлаудың аналитикалық синтети-

талды. Жарысқа жас ұрпақты белсене қатыстырып, шәкірттеріне жақсы тәрбие мен білім беруде қосқан үлестері үшін жетекшілері де алғыс хатпен марапатталды.

Көркем Айқыновна БАЙЧЕРКАСС,
Қалалық Орталық кітапхана
менгерушісі.
Ақтөбе қаласы.